

Қорыта айтқанда, тұлғаның бейімділігін, қызығушылығын ескере отырып, функционалдық сауаттылыққа қол жеткізуді қамтамасыз етіп, жан-жақты дамыған, алған білімдерін өмірмен байланыстыра алатын тұлғаны тәрбиелеп оқыту – білім беру мамандарына артылған жауапты міндет екенін түсінгеніміз жөн.

Зерттеу қызметінің нәтижесінде бастауыш сыныпта математиканы оқытуда функционалдық сауаттылықты қалыптастыру арқылы оқушылардың ережелер мен үлгілерді және берілген алгоритмдерді математикалық материалда қолдану дағдысын, математикалық білімін, біліктігін, есептеу, өлшеу біліктілігін, математикаға тән ойлау стилін, оның абстрактылығын, дәлелденуін, жоспар бойынша әртүрлі әрекеттерді жоспарлау жолдарын, өзін-өзі бақылауын дамыта аламыз.

Әдебиеттер:

1. 2015-2016 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беретін ұйымдарда ғылым негіздерін оқытудың ерекшеліктері туралы әдістемелік нұсқау хаты. Астана 2015ж.

2. ҚР білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы.- Астана, 2010.

3. Темиргалиева Қ.Қ. «Функционалдық сауаттылықты арттыру» Оқыту-тәрбиелеу технологиясы - 2015ж, № 1.[ Б. 29-30.]

4. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспары. 2012ж, №10 (70),[ Б-34-49]

5.[http://www.edu.gov.kz/ru/zakonodatelstvo/gosudarstvennaja\\_programma\\_razvitija\\_obrazovanija/gosudarstvennaja\\_programma\\_razvitija\\_obrazovanija\\_respubliki\\_kazakhstan\\_na\\_2011\\_2020\\_gody/](http://www.edu.gov.kz/ru/zakonodatelstvo/gosudarstvennaja_programma_razvitija_obrazovanija/gosudarstvennaja_programma_razvitija_obrazovanija_respubliki_kazakhstan_na_2011_2020_gody/)

6. Оразахынова Н., Кенжебаева Г.М. - «Оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру жолдары» ғылыми мақаласы, 2012. [Б. 42-47.]

7. Б. Баймұханов, З. Бекбаева «Оқушылардың математикалық тапсырмаларды орындаудағы дербестігін арттыру» Алматы, 2006 ж[Б. 12-14.]

**Курманова А.К.**

**«Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті» КеАҚ, Көкшетау қ.**

**Кожантаева А.К.**

**«№1 мектеп-лицейі» ШЖҚ МКК, Астана қ.**

### **ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚ: ТҮЛҒАНЫҢ ӨЗІНДІК ІЗДЕНІСІ ЖӘНЕ ІС-ӘРЕКЕТ БАҒДАРЫ**

Аннотация. Мақалада «функционалдық сауаттылық» ұғымы мәселесі қарастырылды. Жай сауаттылық, минималды сауаттылық ұғымдарымен салыстыра отырып, «функционалдық сауаттылық» ұғымының мәні ашылды, оның даму тарихы зерттелді. Отандық және шетелдік ғалымдардың функционалдық сауаттылыққа қатысты еңбектері жүйеленіп, сараланды. Зерттеуші ғалымдардың еңбектеріне шолу жасай отырып, функционалды сауаттылыққа берілген анықтамаларда бірізділіктің жоқтығы анықталды. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру жаңартылған білім мазмұны тұрғысынан зерделенді, оның мәні мен маңызы танытылды.

Кілт сөздер: реформа, жаңартылған білім мазмұны, функционалдық, сауаттылық, өмір бойы білім алу, құзыреттілік.

Қазіргі заманғы инновациялық білім беру педагогтың жауапкершілігін арттырумен қатар, кәсіби шеберлігі мен біліктілігін өсіруді міндеттейді. Сондықтан «бірге жиналу - бұл бастама, бірге болу - бұл ілгерілеу, бірге жұмыс істеу - бұл жетістік» деген ұстаным ұстаздар қауымының ұранына айналғаны сөзсіз.

Білім беру жүйесіне жасалған реформа жаңа бастамалардың басталуына себепші болды. Талай басқосулар, семинарлар, талқылаулар жасалды, десек те бұл үдеріс әлі де жалғасып жатыр. Оның бәрі жаңартылған білім мазмұнын терең әрі сапалы игеруге бағытталуда. Қазақ халқының біртуар ұлы, әдіскер-ғалымы А.Байтұрсынов: «Бала оқытатындар бала оқытуын жақсы білерге керек. Бала оқытуын жақсы білейін деген адам, әуелі басқаларға үйретпекші нәрселерін өзі жақсы білерге керек, екінші баланың табиғатын біліп, көңіл сарайын танитын адам боларға керек. Оны білуге баланың туғаннан бастап, өсіп жеткеніне тәнімен қатар ақылы қалай кіретін жолын білерге керек. Баланың ісіне, түсіне қарап ішкі халінен хабар аларлық болу керек. Ол үшін бала турасындағы ғылымды

білерге керек» [1, б. 252], - деп ұстаздар қауымына қойылатын талаптар мен оны орындау барысында ұтатын тұстарын көрсетеді. Осы тұста «Маған айтсаң - мен ұмытамын. Маған көрсет - сонда мен есте сақтаймын. Менің өзіме әрекет етуге мүмкіндік бер – сонда мен үйренемін» деген қытай даналығының мәні зор. Себебі ол бізден не істеу керек? нені өзгерту керек? нені жетілдіру керек? деген сауалдардың мән-маңызын ашуға септігін тигізеді. Бұның өзі «сөз үйретпейді, әрекет үйретеді» деген ұстанымның маңыздылығын көрсетеді. Бұл білім алушылардың мектепте алған білімдерін өмірде тиімді қолдануға үйрету мақсатын көздейді. Бразилиялық педагог П.Фрейренің: «Өмірді оқыту/үйрету керек, өмірмен оқу/үйрену керек», - деген пікірі [2, б.29], XIX ғасырдың ұлы педагогы К.Д.Ушинскийдің: «Адамды өмір бойы үйретуге болмайды, оны өмір бойы оқуға үйрету керек» деген пікірімен үндеседі[3]. Себебі білім – өмірде өз қажетін таба алатын білік пен дағды. Бұдан «не нәрсеге үйренсек те, оның барлығы да өмірмен тығыз байланыста болғаны абзал» деп ой қорытамыз. Бұның өзі қазіргі заманғы өмір бойы білім алу тұжырымымен үндеседі. Ал оған жетудің жолы – функционалды сауаттылықты қалыптастыру.

Осы тұрғыдан келгенде, бірінші кезекте, функционалды сауаттылықтың қалыптасу тарихына қысқаша тоқтала кетейік. «Функционалды сауаттылық» ұғымы алғаш рет өткен ғасырдың 60-шы жылдары ЮНЕСКО құжаттарында пайда болды. Кейіннен бұл мәселені зерттеушілер өз еңбектерінде қолданды. 1990 жыл ЮНЕСКО бойынша халықаралық сауаттылық жылы болып жарияланды. Кейін 2003-2012 жылдар БҰҰ бойынша сауаттылықтың он жылы деп қайта жарияланған болатын.

Екіншіден, «функция» және «сауаттылық» деген сөздердің мағынасын сипаттайық. Мәселен, «функция» ұғымы адамға қатысты айтылғанда, оның іс-әрекетіне байланысты қарастырылады. Ал «сауаттылық» адамның білімділігіне қатысты ұғым ретінде түсініледі. Яғни, субъекті алған білімі мен білігі негізінде сауатты іс-әрекет жасайды, алған білім мен дағдысын өмірде қолданады.

Үшіншіден, жай сауаттылық, минималды сауаттылық мәселелеріне тоқтала келе, функционалды сауаттылыққа түсінік бергенді жөн санадық. Жай сауаттылық оқу, жазу, санау сияқты қарапайым қабілеттерімен байланысты болса, минималды сауаттылық қарапайым мәтіндерді оқу, жазу, түсіну қабілеттерімен ерекшеленеді [4, б.3]. Ал функционалды сауаттылық адамның қоршаған ортада қиналмай өмір сүре алатындай білімі мен дағдыларын қолдана алуы. Былайша айтқанда, адаптациялану қабілеті, қиын жағдайда аз ақпараттың өзін пайдаға асыру, құралдарды дұрыс қолданып, адамдарды дұрыс түсініп, өз ойынды жеткізе алу.

Төртіншіден, функционалды сауаттылық ұғымына берілген анықтамаларды сараптадық. Мәселен:

1) функционалды сауаттылық – білім берудің (бірінші кезекте жалпы білім берудің) көп жоспарлы адамзат қызметімен байланысын біріктіретін тұлғаның әлеуметтік бағдарлану тәсілі;

2) функционалды сауаттылық – адамның ортаға тез бейімделіп, қарым-қатынасқа түсе алу қабілеті мен қарым-қатынас жасай алу деңгейінің көрсеткіші;

3) функционалды сауаттылық тұлғаның бүгінгі еңбек нарығында бәсекеге түсе алуға қажетті деп саналатын және оның әлеуметтік қарым-қатынас жасауын қамтамасыз ететін білім, білік, дағдылардың жиынтығы;

4) функционалды сауаттылық – білік пен білімділік әлеміне барудың жолы ғана емес, ол – ұлттың, елдің немесе жеке адамдар тобының мәдени және әлеуметтік дамуының өлшемі;

5) функционалды сауаттылық – тұлғаның сапалық сипатын арттыру тұрғысынан қарағанда жеке адамды дамытудың тетігі;

6) функционалды сауаттылық – алған білімінің негізінде тұлғаның заман талабына сай әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге белсене араласуы үшін мектепте оқытылатын әр пән бойынша алған білімдерін өмір қажетіне жарату.

Бұл «функционалды сауаттылық» ұғымына берілген анықтамалардан бірізділіктің жоғы анықталды. Себебі бағдарлану тәсілі, деңгейінің көрсеткіші, дағдылардың жиынтығы, дамуының өлшемі, дамытудың тетігі деп сипатталуының өзі бұл мәселенің күрделі әлі де толық зерттеуді қажет ететін өзекті мәселе екенін дәлелдейді. Дегенмен осы берілген анықтамаларды зерделей келе, «функционалды сауаттылық» белгілі бір кезеңге сай субъектінің алған білімі мен білігі негізінде сауатты іс-әрекет ете алуы деген мағынаны білдіреді деген тұжырымға келдік. Яғни, қоғамның дамуына байланысты сауаттылық ұғымының мәні тарихи тұрғыдан өзгерген, тұлғаға қойылатын талаптарда оқу, жазу, санай білу қабілеттерінен гөрі белгілі бір қоғамда өмір сүруге қажетті білім мен біліктердің жиынтығын игеру, яғни функционалды сауаттылыққа жету дегенді меңзейді. Ол белсенділік, шығармашылық тұрғыда ойлай алуы, өздігінен шешім қабылдай алуы, өзінің мамандығын дұрыс таңдай алуы, үздіксіз білімін жетілдіруге дайын болуы сияқты басшылыққа алынатын негізгі сапалық белгілерді қамтиды. Осы аталған функционалды дағдылар мектеп

кабырғасында қалыптасуы тиіс. Ал функционалдық тұрғыда сауатты тұлға дегеніміз – қоғам құндылықтарына сай, қоғамдық ахуалдың қалыптасқан мүдделеріне қарай әрекет ете алатын, қоғамдық ортада өмір сүріп, тіл табыса білетін, белгілі бір сапалық қасиеттері бар, жалпы негізгі және пәндік құзыреттілікті меңгерген адам. Ол қазіргі өмірге бейім тұлға.

Бесіншіден, отандық және шетелдік ғалымдар функционалдық сауаттылық проблемасын білім беру философиясы тұрғысынан (Б.С.Гершунский, В.В.Мацкевич, С.А.Крупник); үздіксіз білім беру аспекті тұрғысынан (С.А.Тангян, И.А.Колесникова); құзіреттілік тұрғысынан (А.В.Хуторской, О.Е.Лебедев), студенттің функционалдық сауаттылығын тілдік мәдениет тұрғысынан (Т.И. Акатов), оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру технологиясы тұрғысынан (Л.М.Перминова, О.Е.Лебедев), қазақ тілі сабақтарында оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру мәселесі тұрғысынан (Н.Оразақынова, Г.М.Кенжебаева, А.К.Рауандина) зерттеді. Функционалдық сауаттылықтың теориялық және практикалық жағынан зерттелуі көптеген ғылыми еңбектерге арқау болды.

Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөнінде Ұлттық жоспар жасалды. Оның мақсаты – оқушылардың салалық сауаттылығын дамыту арқылы, нақты қызмет түрлеріне бейімдеу. Әрі ол орта білім жүйесінің парадигмасын түбегейлі өзгертудің негізі. Атап айтсақ, функционалдық сауаттылығын дамытудың отандық және халықаралық практикасын зерделеу, мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту бойынша шаралар жүйесін іске асырудың тетіктерін анықтау, білім мазмұнын жаңғыртуды қамтамасыз ету, стандарттар, оқу жоспарлары мен бағдарламалар, білім беру процесін оқу-әдістемелік қамтамасыз етуді әзірлеу, мектеп оқушыларының білім сапасын бағалау және мониторинг жүргізу жүйесін дамыту, мектептің және қосымша білім беру жүйесі ұйымдарының материалдық-техникалық базасын нығайту. Сонымен қатар, қазіргі білім беру жүйесінің негізгі тетіктерін басты назарда ұстау керек. Мысалы, ұлттық стандарттар, оқу бағдарламалары, оқыту нысандары мен әдістері, білім алушылардың оқудағы жетістіктерін диагностикалау мен бағалау жүйесі, мектептен тыс, қосымша білім беру бағдарламалары, мектепті басқару моделі және т.б.

Сонымен қатар Ұлттық жоспарда функционалдық сауаттылықты қалыптастырудың төрт негізгі тетігі көрсетіледі.

Бірінші – оқытудың методологиясы мен мазмұнын түбегейлі өзгерту.

Екінші – білім нәтижелерін бағалау жүйесін жаңарту.

Үшінші – балаларды оқыту мен тәрбиелеуге ата-аналардың белсенді қатысуы.

Төртінші – қосымша білім беру жүйесін дамыту [5].

Қазіргі кезде осы аталған тетіктер мектеп қабырғасында жүзеге асуда. Оның бір дәлелі – жаңартылған білім мазмұны. Жаңартылған білім мазмұнының басты мақсаты – оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру. Осы орайда, қазіргі кезде кең ауқымды дағдыларға көп көңіл бөлінуде. Кең ауқымды дағдылар деп – сыни тұрғыдан ойлау, алған білімді шығармашылықпен қолдану, ғылыми-зерттеу жұмыстарын орындау, ақпараттық коммуникативтік технологияны қолдана білу; коммуникативтілікті, топта және жеке жұмыс жасау, көшбасшылықты айтуға болады. Бұл дағдылардың олар оқушыларға күнделікті, сондай-ақ алдағы өмірдегі проблемаларды өздігінен шешуіне мүмкіндік береді.

Жаңартылған білім мазмұны жағдайындағы мектептің ерекшелігі оқушы – таным субъектісі, ал мұғалім оқушылардың танымдық әрекетінің ұйымдастырушысы қызметін атқарады. Осыған орай, жаңартылған білім беру мазмұнының дәстүрлі бағдарламадан ерекшелігі – пән мазмұнының спиралді қағидатпен берілуі, яғни пән мазмұнының қарапайымнан күрделенуі; блум таксономиясы бойынша оқу мақсаттарының иерархиясы; бір білім беру аясындағы және пәнаралық байланыстарды жүзеге асыру мақсатында «ортақ тақырыптардың» берілуі; оқу үдерісін ұзақ мерзімді, орта мерзімді және қысқа мерзімді жоспарлар арқылы ұйымдастыру; оқытудың тәрбиелік әлеуетін арттыру, оқушының адамгершілік-рухани қасиеттерін қалыптастыру; білім беру деңгейлері аралығында пән бойынша сабақтастықты ескеруге мүмкіндік беретін толық оқу курсы бойынша педагогикалық мақсат қою; бөлімдердің мазмұны мен ұсынылған тақырыптардың уақыт талабына сәйкес келуі, әлеуметтік дағдыларды қалыптастыруға назар аударылуы; оқытудағы жүйелі-әрекеттік ұстаным (оқушының білім алу үдерісіне белсенді қатысу).

Жаңартылған білім мазмұны оқушының алған білімін ұзақ уақытқа сақтап, ақпарат баланың танымында ойлау процестері негізінде табиғи түрде қалыптасып, жүйеленуі міндеттерін іске асырады. Алайда, дәстүрлі білім беру мазмұнында қазақ тілі мен әдебиеті оқулықтарын дайындауда, оқу бағдарламаларын құрастыруда оқытудың психологиялық негіздері толық ескіріле бермеді. Сондықтан қазақ тілі мен әдебиеті пәні бойынша қалыптасқан тілдік және әдеби білім тұлғаның

белсенді құралына айналмайды. Олай болса, тілдің тек қарым қатынас құралы ретіндегі белсенділігін қызмет етуі деп түсінбеу керек. Кез келген тілді үйренуші тұлға дайын тіркестерді жаттау арқылы да шектеулі сөйлеу жағдаяттарында қарым- қатынасқа түсуге болады. Бірақ ол тіл үйренуде жүйелі, іргелі, ойлау процесінен өтіп, құрылым ретінде қалыптасқан ақпарат, білім қоры негізінде қалыптаспайды. Қысқа уақытқа жадыда сақталған дайын, ойсыз қолданылатын формалар ретінде қолданысқа түседі. Білім алушыда тілдік білім, ауызша және жазбаша сөйлеу мәдениеті қалыптасуы үшін оның таным белсенділігін арттырып, дайын ақпаратты қабылдаушы ғана емес, ойланушы, сараптаушы тұлғаға айналдыру керек. «Сөйлеу дегеніміз – ойлау. Ойлау дегеніміз – тану, сөйлеу – қарым-қатынас жасау. Адам ойлаған кезде тілдік материалды пайдаланады және ой сөйлес түрінде беріледі [6, б. 117]. Сондықтан тіл мен әдебиет туралы білімді ақпарат ретінде ұсынбай, баланың дербес ізденісі мен ойлауының нәтижесі ретінде қалыптасуына мүмкіндік беретін оқыту әдістемесін құру керек, оны оқу үдерісінде кеңінен қолдану қажет. Бүгінгі қоғам мен білім берудің жаңа парадигмаларының сұранысын қанағаттандыру үшін тұлғаның функционалдық сауаттылығын қалыптастыруды жүйелі түрде сабақ үрдісіне енгізу қажет. Ол үшін білім алушы бойына сөйлеу әрекетінің түрлерін (оқылым, айтылым, тыңдалым, жазылым) жақсы игеру керек. Ойлау дағдыларының деңгейлерін (білу, түсіну, қолдану, талдау, салыстыру, бағалау) түсініп қолданулары керек. Сонымен қатар ойлаудың түрлерін: шығармашылық, логикалық, сыни, алгоритмдік, проблемалық, дивергентті түрлерін пайдаланулары керек. Тілдік, ақпараттық, коммуникативтік, лингвомәдени танымдық, әлеуметті-құқықтық, проблемаларды шешу құзыреттіліктерін қалыптастырулары керек. Сондай-ақ, жаңартылған білім беру мазмұнының басты ерекшелігі тұлғаның функционалдық сауаттылығын арттыру мақсаты екенін ескеру қажет.

Қорыта айтқанда, функционалдық сауаттылыққа негізделіп отырған жаңартылған білім мазмұны оқушыға әр түрлі білік дағдыларын қалыптастырып, ақыл-ой қабілетін жан жақты дамытуды мақсат етеді. Осы орайда, білім беруде шәкіртке тек дайын білімді меңгертіп, оны қайталаумен шектелмей оқушының өзіндік ізденісіне, өзіндік әрекетіне бағдар беріп, өзін және жолдастарының білімін өздігінен бағалай білу дағдыларын қалыптастыру көзделеді.

Әдебиеттер:

1. Байтұрсынов А. Ақ жол. – Алматы: Жалын, 1991. – 464 б.
2. Әлімов А. Интербелсенді әдістемені ЖОО-да қолдану мәселелері. – Алматы, 2013. – 446 б.
3. Ушинский К.Д. Таңдамалы педагогикалық шығармалары. – Москва: ОКБ, 1945. – 345 с.
4. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспары /Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 ж. 25. 06. №832 Қаулысымен бекітілген/.
5. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру (бастауышсыныптар). Әдістемелік құрал. – Астана: Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2013. – 66 б.
6. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеу. – Алматы, 1990

Кусаинова Д.Т.

«№14 мектеп- гимназиясы» КММ, Қарағанды қ.

### **БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНА ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУ МАҢЫЗЫ**

Аннотация. Мақалада автор бүгінгі күнгі ұрпақ тәрбиесі басты мәселелелердің бірі екендігін айқындайды. Бастауыш сынып оқушыларына білім мен тәрбие беруде ұлттық құндылықтардың мәні мен мағынасына үңіле отырып талдау жасайды.

Кілт сөздер: бастауыш сынып, ұлттық тәрбие, білім беру, салт-дәстүр, құндылықтар, этномәдениет, халықтық педагогика.

Білім беру жүйесі - қоғамды мәдениет пен саяси интеграцияның ең тиімді құралдарының бірі - әлеуметтік репродукцияның және мемлекеттік қауіпсіздіктің негізгі институттарының бірі. Ұлттық білім деп білім мазмұнындағы дүниетанымды, ал дүниетаным - болмыс көрінісінің жүйесі. Оқушыларға қазақ еліндегі тарихи құндылықтарды, ұлттық әдет - ғұрып пен салт - дәстүрді оқыта отырып, бойларына сіңіріп, ой - өрісінің жан - жақты болуына үлес қосуымыз қазіргі заман